

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 33 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2012 жылғы 29 тамыз



*Қаржы ұйымдарының
2013 жылғы 1 қаңтардан бастап
сәйкестендіру нөмірлерін пайдалануға көшуі
және банк операцияларын жасаған кезде
оларды қолдануы туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап сәйкестендіру нөмірлері (жеке сәйкестендіру нөмірлері (ЖСН) және бизнес-сәйкестендіру нөмірлері (БСН) пайдаланылатынын хабарлайды.

ЖСН/БСН азаматтардың және бизнес субъектілерінің қоғамдық өмірінің барлық салаларында, оның ішінде банк саласында да қолданылатын болады.

Мәселен, ЖСН/БСН әлеуметтік жеке код (ӘЖК), салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) сияқты деректемелерді алмастырады және банк операцияларын (ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аудару, салық міндеттемелерін орындау, банк шоттарын ашу мен жүргізу, кредиттер беру (қарыз алу операциялары), депозиттерді/салымдарды қабылдау және т.б.) жүзеге асырған кезде қаржы құжаттарында міндетті деректеме болып табылады.

2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қаржы ұйымдарының клиенттері – жеке және заңды тұлғалар ЖСН/БСН бар құжаттарды алуы қажет және олардың көшірмелерін қызмет көрсететін қаржы ұйымдарына ұсынуы, сондай-ақ ЖСН/БСН пайдалануға көшкеннен кейін төлемдердің қайтарылуын болдырмау үшін өздерінің қарсы әріптестеріне хабарлауы қажет.

ЖСН/БСН алу үшін қаржы ұйымдарының клиенттері халыққа қызмет көрсету орталықтарына не әділет органдарының аумақтық бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖСН/БСН алуға міндетті Қазақстан Республикасының резидент емес клиенттері дербес не сенім білдірілген тұлға арқылы салық органдарына ЖСН/БСН қалыптастыру және резидент еместі салық төлеуші ретінде тіркеу туралы тіркеу куәлігін алу үшін жазбаша өтініштерді жіберуі қажет.